

УДК 342.7 (573)

Д.А. ТУРСЫНКУЛОВА

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

## ҚАЗАҚ ӘДЕТ ҚҰҚЫҒЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗАРА КӨМЕК ИНСТИТУТЫН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

### Аннотация

Дәстүрлі қазақ қоғамында көшпелі өмір салты қоғам талабының мүмкіндіктерін қанағаттандыруға негізделген әлеуметтік құрылымдар мен нормалар жүйесін өмірге әкелді. Көшпелі қазақ қоғамындағы сондай игі дәстүрдің бірі ағайынгершілік – туыстық институты болып табылады. Бұл қазақ әдет - ғұрып құқығының кең тараған институты әдебиеттерде өзара көмек институты деп аталады. Өзара көмек және ағайынгершілік жүйесі көшпелі қоғамның қажеттілігінен туындаған күрделі құрылымның көрінісі болып табылады.

**Тірек сөздер:** әдет-ғұрып, салт-дәстүр, әдет құқығы, адат, асар, әменгерлік, сауын, жылу жинау, шарият.

**Ключевые слова:** обычай, традиции, обычное право, адат, асар, аменгерство, сауын, жылу, шарият.

**Keywords:** custom, tradition, common law, adat, Asar, amengerlyk, sauyn, zhylu, sharia.

Көшпелі қоғамның дамуы әрқашанда тәуекелге негізделген және табиғатқа тікелей тәуелді болып келді. Былай қарағанда көшпелі қоғамда табиғаттың әр түрлі ерсі қылықтарына қарсы тұру жеткілікті дәрежеде дами қоймады. Қоғам табиғатта болатын әр түрлі жұтшылық, қуаңшылық т.б. жою үшін әлеуметтік қатынастарды реттейтін нормалар жүйесін тудырып отырды. Міне жоғарыдағы ағайынгершілік – туысқандық жүйесі де осы қатынастарды реттеуге бағытталған.

Қазақ қоғамының даму барысында ағайынгершілік - туысқандық өзара көмек жүйесі үлкен революциялық даму жолынан өткен және бірнеше нысандарды өмірге әкеле білген институционалдық құрылым екендігін көреміз. Өзара көмек қатынастарының дәстүрлі қазақ қоғамында бірнеше нысандары белгілі. Мысалы олардың қатарына: асар, жұртшылық, сауын, жылу, қонақжайлық, қызыл көтеру, шүлен тарату т.б. жатқызуға болады.

Кеңестік кезеңде ағайынгершілік - туысқандық қатынастардың жүйесі ескінің сарқыншағы, феодализмді көксеу ретінде бағаланып келді және олар таптық методология деңгейінде зерттелді. Бұл жалпы қазақ әдет-ғұрып құқығы нормаларын зерттеуге тән құбылыс болып табылады. Белгілі ғалым З.Ж. Кенжалиев оны былай сипаттап көрсетеді: “Әдетте, әдет-ғұрып құқығы нормаларының көп түрлілігі, яғни әмбебаптығы, елгезектігі, “адамгершілігі” дұрыс бағаланбай, керісінше кері түсініліп оның тұрақсыздығы, табансыздығы, үйлесімсіздігі (партикуляризм) деп жазылып жүр. Шын мәнінде бұл әдет -ғұрып құқығы нормаларының нағыз беріктігін, бірлігін және біркелкілігін көрмеу еді. Олар өстіп құбылмалы, елгезек, өзгергіш болу арқылы өздерінің мақсаттарына жетіп, өздері реттейтін қатынастардың беріктігін, тұрақтылығын бір қалыпта сақталуын қамтамасыз етеді. Әдет - ғұрып нормаларын партикулярлық деу олардың сыртқы түрінен ішкі мәнін ажырата алмау, көре алмау еді, бұл нормаларға мемлекет заңдары тұрғысынан келіп, соларды зерттеу әдісін оларға да қолданудың және осының нәтижесінде әдет – ғұрып құқығы нормаларының бейнесі бұрмалануының көрінісі еді” [1, 63 б]. Бұл айтылған жағдайларды ағайынгершілік немесе өзара көмек жүйесі де бастан кешірген болатын. Ағайынгершілік - туысқандық жүйесі қазақ қоғамында үлкен рөл атқарды. Себебі, осы құрылым арқылы ру арасындағы өзара татуластық, ауыл аймақтың саулығы, ағайынның арымауы қамтамасыз етіліп отырды. Сан ғасырлар бойы қазақ қоғамының сүттей ұйыған бірлігінің үстемдік құруына бірден-бір себепші болған жүйе ағайынгершілік - туысқандық немесе өзара көмек институты болатын.

Туысқандық (ағайынгершілік) қатынастар қазақ әдет құқығы жүйесінде қандай орын алады? Осы мәселені айқындау үшін біз, теориялық маңызы бар мынандай жағдайларды айқындап алуымыз қажет. Туысқандық (ағайынгершілік) қатынастар әдет құқығы жүйесінде құқық институтына жата ма, жоқ оның аясы одан кең бе? Осы мәселені ашып алуымыз қажет. Бұған тоқталмас бұрын жалпы құқық институтының түсінігіне қысқаша сипаттама беруіміз қажет. Құқық

институты дегеніміз: «Институт права - это обособленная группа юридических норм, регулирующих общественные отношения конкретного вида. В качестве примера можно назвать институт права собственности в гражданском праве, институт ответственности должностных лиц в административном праве, институт избирательного права и нормы, регулирующие статус депутата, в конституционном праве. Институты могут быть отраслевыми и межотраслевыми (комплексными)» [2, С. 325.]. Ал отандық еңбектердің бірінде, құқық институтын былай талдап көрсетеді: «Өмірде қатынас бір нормамен шектелмейді. Ол қатынастың немесе бірнеше ұқсас қатынастардың толық дұрыс орындалуына бірнеше құқықтық нормаларды біріктіруге тура келеді. Мысалы: азаматтық қатынастар, қылмыскердің құқықтары т.б. нормативтік актілердің мұндай топтасуын-құқықтық институт», - деп атайды [3, 127 б.]. Отандық белгілі ғалымдар Ө. Қопабаев пен С. Өзбекұлы құқықтық институтты мынандай қысқаша түсінікпен белгілейді: «Құқықтық институттар дегеніміз арнайы айшықталған қоғамдық қатынастарды реттейтін біртекті, біркелкі нормалардың жиынтығы» [4, 137 б.]. Түсініктеме сөздіктерде де, төмендегідей қысқаша анықтама берілген: «Құқық институты (Правовой институт) - қоғамдық қатынастардың белгілі бір түрін (немесе топтамасын) реттейтін заң нормаларының тәртіпке келтірілген жиынтығы» [5, 168 б.]. Әрине, құқық институтына берілген бұл ұстанымдарды тікелей қазақ әдет-ғұрып құқық жүйесіне қолдануға бола ма, болмай ма? Бұл мәселенің басын ашып алуымыз қажет. Біздің ойымызша, қазақтың әдет құқығы жүйесінде қолдануда бір мәселені ескеруіміз қажет. Ол қазақ құқығын бағалауда және оның құрылымын айқындауда қазіргі кезеңнің құқық теориясын тікелей қолдана беруге болмайды. Туысқандық (ағайынгершілік) қатынастар жүйесі қазақ құқығының ішінде ерекше маңызды мәселелерді реттейтін салашықтың бірі болып табылады. Бұл қатынастардың негізгі элементтері болып табылатын: сауын, аманат мал, жұртшылық, жылу т.б. жеке-жеке институт ретінде қабылдауымыз қажет. Өйткені бұл қатынастарды құрайтын нормалар жеке даралық белгісі бар өзіндік сипаты басым нормалардың жиынтығы болып табылады.

Туысқандық (ағайынгершілік) қатынастар жүйесінде маңызды роль атқаратын тағы бір мәселе жалпы оның қазақ құқығы жүйесіндегі орны мен ролі. Дәстүрлі қазақ құқығының табиғатын, оның сипатын аша отыра ғана біз, бұл құқықтық жүйедегі туысқандық (ағайынгершілік) қатынастардың алатын орны мен атқаратын ролін ашып көрсете аламыз.

Енді қазақ құқығына тоқталатын болсақ, С.З. Зимановтың мына ойы қазақ құқығының ерекшелігін толық көрсете алатынды: Қазақ құқығының ерекшелігі ол көшпелі өркениет шеңберінде туып, сол дәуірдің ең құнды сипатын иеленді. Бұл тұрғыдан ол тарихи маңызы бар құқықтық жүйелер әлемінен заңды түрде өз орнын ала алады, алуы тиіс те.

Қазақ құқығының мәні мен ерекшелігі оның тарихтағы белгілі бір жүйелі – институционалды құрылым екендігінде емес. Барлық халықтар өз тарихының бастапқы сатысында ондай әдет-ғұрыпқа негізделген құқықтық реттеудің үстемдік етуі дәуірін басынан өткерді. Бірақ мұндай кезең көптеген халықтардың тұрақсыз, әрі қысқа мерзім ішіндегі өтпелі дәуірі болды. Оларда құқық жүйесі билік үшін династиялық күрес, көшпелі және жартылай көшпелі одақтардың жаңа жерлердегі іздеп көшуі сияқты ортағасырлық идеологияға сай қалыптасты. Қазақ құқығының ерекшелігі оның еркіндік лебі өріс алған кең аумақта қалыптасып өркендеуінде, көшпелі өркениеттің бейбіт, табиғи тұрақты қағидаларына негізделіп дамығандығында. Бұл тұрғыдан ол өзінің мазмұны бойынша өзі қалыптасқан дәуірді айқындады және оның шеңберінен асып түсті [6, 35 б.].

Қазақ ата заңдарының мәнін тек қана Қазақияның этно-мәдени шекарасындағы өзіндік нормативтік рөлімен түсіндіруге, шектеуге болмайды. Онда біз аясы кең қазақ құқығын белгілі қысандықтың бұғауында қалдырарымыз хақ. Ол бір мезгілде бірнеше қызмет атқарды: реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, қорғаушылық және адамгершілік. Ол кең мағынада алғанда заң да, билік те, қоғамдық болмыс пен өнегеліліктің қайнар көзі де, рухани құндылықта болды. Осындай өзіне тән тұрақты сипаттарының арқасында Көне қазақ заңдарын құрастырған ережелер адуыны мықты құқығының, көшпелілік сипаты бір болған монғол құқығының, тегеуріні мықты орыс заңының ықпалында кетпей өзінің бет-бейнесін сақтап қалды. Көршілес елдердің құқық жүйелерінің қазақ құқығына әсері болса да оны жоятын күшке ұласа алмады. Қазақ құқығының түбегейлі құрылымы кешегі Жаңа заман дәуіріне дейін қоғамдағы ықпалын жоймады.

Қазақ құқығының басты ерекшелігі оның ұжымдық санға негізделуінде. Көшпенділердің материалдық өмірі адамда жас кезінен ұжымдық сана қалыптастырды. Бұл жағдай қоғамдық

қатынастарды нормативтік реттеуде әлеуметтік тиімділіктің артуына себепші болды. Сонымен қатар, қазақтың көшпелі шаруашылығының қоғамдық-саяси қатынастарына талдау жасағанда мына мәселеге назар аударылуы тиіс: көшпелі өмір салтының жағдайлары өте ауыр, қатал және соған байланысты оның әлеуметтік амандығы және әдеттегі тыныс-тіршілігі тек климат жағдайларына ғана емес, сонымен қатар қоғам қалыптастырған гуманистік әлеуметтік институттардың із жүзіне асуларына тәуелді болды. Мәселені осы мағынада ұғынатын болсақ, қазақ көшпелі өркениеттің құқығы арнайы құндылық бағыттарға ие дүние танудың маңызды этностық моделі, өзіндік ерекшеліктері бар нормалардың варианттары және іс жүзіне асырылуына ру-тайпалық демократиясының ұжымдық өзара жәрдем көрсету, рулық жауапкершілік және рухани бастамалардың материалдық факторларға үстемдік етуі сияқты жалпы гуманистік элементтерді паш етті, басқа сөзбен айтқанда далалықтарда зат емес, керісінше құндылық қасиеттеріне ие болды [7, 70 б.].

Қазақ құқығында адами құндылықтар әрқашанда жоғары тұрады. Қазақ құқығының негізгі өзегін де осы адами құндылықтар өлшемі құраған болатын. Мұның қалыптасуы және қолданылу аясы туралы белгілі ғалым З.Ж. Кенжалиевтің мына ойы өте орынды болып табылады. Көшпелілерде құқ, хақ жәйлі түсінік ерік ұғымымен үндес, соның синонимі іспеттес. Менің құқым (хақым) бар, еркім бар, еріктімін деген түсініктер адам ойының, іс-әрекетінің, қимылының иесі, қожайыны оның өзі екендігін бейнелейді. Адам өзін-өзі билейді, оны шектейтін күш сыртта емес іште, ол - адамның өзі, оның санасы, ішкі табиғаты деген ой-сарыннан бастау алып жатады.

Демек ерік, құқық, хақ ұғымы жалпы адам мәселесіне келіп тіреледі, дәлірек айтсақ адам табиғаты жәйлі, оның ойының, сөзінің іс-әрекетінің қайнар көзі туралы мәселелер аясында қаралады, солардан туындайды.

Демек құқ (хақ, ерік) ұғымы жеке адамға байланысты қаралады, оның тұлғалық бейнесінің көрінісі және ажырамас адамдық қасиеттерінің бірі деп саналды. Құқ адамнан тыс (бөлек) күш немесе құбылыс деп есептелген жоқ. Сондықтан да болар, қоғамдағы заң нормалары, әдет-ғұрып жарғылары адам құқымен (хақымен, еркімен) тікелей байланыста қаралмайтын. Олар ең алдымен ата-баба жолы, көнеден келе жатқан жора, үлгі-өсиет деп ұғылатын. Яғни, алдыңғы буын ұрпақтардың кейінгіге қалдырған өнегесі, бағыт-бағдар көрсетер ақыл-кеңесі, ақиқаттағы күмәнсіз іс-қимыл үлгісі саналатын. Екіншіден, әдет-ғұрып нормалары орындалуға міндетті қажеттілік, өмір заңы есебінде бағанды. Яғни, оларға адам шығарған туынды, соның еңбегінің жемісі дегеннен гөрі өмірдің өзі ойлап-тапқан, тарих талқысынан өткен өмірдің өз заңы деген көзқарас басым болды [8, 47-48 бб.].

Сөз соңында айтарамыз өзара көмек қатынастары қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінде маңызды роль атқаратын құрылымдық жүйенің бірі болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТ

- 1 Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: (теориялық мәселелері, тарихи тағылымы). – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 б.
- 2 Теория государства и права: учебник для вузов / Под ред. Проф. В.М. Корельского и проф. В.Д. Первалова. - 2-е изд., изм и доп. – М.: Издательство НОРМА, 2003. – 616 с.
- 3 Мемлекет және құқық теориясы – Алматы, Баспа. – 1998. – 256 б.
- 4 Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 264 б.
- 5 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Заңтану / Жалпы ред. басқ. А.Қ. Құсайынов. Алматы. – Мектеп баспасы ЖАҚ. – 2002. – 336 б.
- 6 Зиманов С. Қазақтың ата заңдары және оның бастаулары // Қазақтың ата заңдары. Алматы: Жеті жарғы, 1 Т. - 2004. – 632 б.
- 7 Сонда.
- 8 Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: (теориялық мәселелері, тарихи тағылымы). – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 б.

- 1 Kenzhaliev Z.Zh. Koshpeli kazak qogamındaǵy dástýrli qúqúqtıq mádeniet: (teorijalyq máseleleri, tarihi tarylymy). – Almaty: Zheti zhargy, 1997. – 192 b.
- 2 Teorija gosudarstva i prava: uchebnik dlja vuzov / Pod red. Prof. V.M. Korel'skogo i prof. V.D. Perevalova. - 2-e izd., izm i dop. – M.: Izdatel'stvo NORMA, 2003. – 616 s.
- 3 Memleket zhəne qúqúq teorijasy – Almaty, Baspa. – 1998. – 256 b.
- 4 Özbekúly S., Qopabaev Ö. Memleket zhəne qúqúq teorijasy: Oqulyk. – Almaty: Zheti zhargy, 2006. – 264 b.

5 Қазақ тили терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Заңтану / Zhalpy red. basq. A.Қ. Құсайынов. Almaty. – Mektep baspasy ZhAQ. – 2002. – 336 b.

6 Zimanov S. Қазақтың ата заңдары және оның бастаулары // Қазақтың ата заңдары. Almaty: Zheti zharғы, 1 T. - 2004. – 632 b.

7 Sonda.

8 Kenzhaliev Z.Zh. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: (теориялық мәселелері, тарихи тарлымы). – Almaty: Zheti zharғы, 1997. – 192 b.

### **Резюме**

В данной статье рассматриваются некоторые теоретические проблемы института взаимопомощи в обычном праве казахов.

### **Resume**

This article considers some theoretical problems of mutual aid institute in the ordinary law of kazaks.

**Мақаланың атауы:** Қазақ әдет құқығы жүйесіндегі өзара көмек институтын зерттеудің кейбір мәселелері

**Название статьи:** Некоторые проблемы исследования института взаимопомощи в системе казахского обычного права

**Article:** Some aspects of the research institute in the system of mutual Kazakh customary law

**Турсынкулова Д.А.** заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

**Турсынкулова Д.А.** кандидат юридических наук, доцент.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби Республика Казахстан, г. Алматы

**Tursynkulova DA** Candidate of jurisprudence, associate professor. Kazakh National University named after Al-Farabi Republic of Kazakhstan, Almaty